

## Ветеринариялық санитария бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9460 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Ветеринариялық санитария бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.
2. Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті (Г.С. Нуртазина), Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (Р.Ж. Құрманов) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.
3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Мамытбеков

Келісілген  
Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
Т. Дүйсенова \_\_\_\_\_

2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 20/37 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ветеринариялық санитария бойынша қызметтегі кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ветеринариялық санитария бойынша қызметтегі кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен білігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің білігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек пәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттілікпен құрылған кәсіби қызмет саласындағы құрамдас бөлік;

6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;

7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграцияланған негізі (ұқсас және жуық мәндер, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) және еңбек функцияларының ұқсас жиынтығын және оларды орындау үшін құзыреттілікті көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – нақты кәсіби қызмет саласындағы еңбек сапасы мен жағдайы, біліктілігі, құзыреттілігі, мазмұны деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, тиісінше автономды және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіби қызметтер саласының шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын еңбек қызметінің түрінің еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03- 2007 75.00 ветеринарлық қызмет, мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық сараптамасы.

6. Экономикалық қызмет түрінің негізгі мақсаты: жануарлар ауруларын алдын алу, залалсыздандыру, дәрілеу мен дератизация, мал шаруашылығы өнімдерін ветеринарлық-санитарлық талдау.

КС ветеринарлық қызметі саласындағы жануарлық шығу өнімдері бойынша, мал шаруашылығы үй-жайларын залалсыздандыру бойынша қызметтер кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің білігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді..

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

- ветеринарлық санитар;
- ветеринарлық препаратшы;
- мал дәрігері-бактериолог;
- вирусолог;
- токсиколог;

## **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

### **1-параграф. Ветеринарлық санитар**

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: ветеринарлық санитар.

10. "Ветеринарлық санитар" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ауру жануарларға көмек көрсету, ветеринарлық бұқаралық шараларға қатысу.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Ветеринарлық санитардың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Еңбек функцияларын айқындайтын, ветеринарлық санитар орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Ветеринарлық санитардың орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Ветеринарлық санитардың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-кестелерінде көрсетілген.

## **2-параграф. Ветеринарлық препаратшы**

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: ветеринарлық препаратшы.

18. "Ветеринарлық препаратшы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: құнарлы ортаны, бояуды дайындау, зертханалық препараттарды әзірлеу.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Ветеринарлық препаратшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Еңбек функцияларын айқындайтын, ветеринарлық препаратшы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Ветеринарлық препаратшының орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Ветеринарлық препаратшының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

## **3-параграф. Мал дәрігері – бактериолог**

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5-7.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: мал дәрігері-бактериолог, бас дәрігер-бактериолог, бас мал дәрігері.

26. "Мал дәрігері (бактериолог)" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: бактериологиялық зерттеулерді жүргізу.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Мал дәрігері-бактериологтың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Еңбек функцияларын айқындайтын, мал дәрігері-бактериолог орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Мал дәрігері-бактериологтың орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Мал дәрігері-бактериологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

#### **4-параграф. Вирусолог**

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5-7.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: вирусолог.

34. "Вирусолог" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: вирусологиялық зертханалық зерттеулерді жүргізу.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Вирусологтың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Еңбек функцияларын айқындайтын, вирусолог орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Вирусологтың орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Вирусологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

#### **5-параграф. Токсиколог**

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5-6.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: токсиколог.

42. "Токсиколог" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және оларды атқара білуге міндеттейді: патологиялық материалдың улану деңгейін анықтау.

43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Токсикологтың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Еңбек функцияларын айқындайтын, токсиколог орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Токсикологтың орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Токсикологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5 -кестелерінде көрсетілген.

#### 4. КС әзірлеушілері

48. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

49. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 7 - қосымшасында көрсетілген.

Ветеринариялық санитария  
бойынша қызметтегі  
кәсіби стандартының  
1-қосымшасы

#### Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1	Ветеринарлық санитария	Ветеринарлық санитар	Ветеринарлық санитар	3
2	Ветеринарлық санитария	Ветеринарлық препаратшы	Ветеринарлық препаратшы	3
3	Ветеринарлық санитария	Мал дәрігері (бактериолог)	Мал дәрігері (бактериолог)	5-7
4	Ветеринарлық санитария	Вирусолог	Вирусолог	5-7
5	Ветеринарлық санитария	Токсиколог	Токсиколог	5-6

Ветеринариялық санитария бойынша  
қызметтегі  
кәсіби стандартының  
2-қосымшасы

#### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)

Базалық топ	5139 Ветеринариялық санитар
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, тарау: Мал шаруашылығындағы жұмыс
БТБА бойынша кәсібі	Ветеринариялық санитар
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4

2-кесте. Ветеринариялық санитардың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Мал шаруашылығы бағытындағы фермерлік, шаруа қожалығы, ұжымдық шаруашылықтар, акционерлік қоғамдар, өндірістік бірлестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестер
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Зақымданушылық қаупі, індетті аурулармен ауыратын малды қарау, зерттеуге сынама іріктеу кезінде ауруды жұқтыру қаупі
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

3-кесте. Ветеринариялық санитар орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жаппай егу жүргізу, жанауарларды аппараттар мен механизмдер көмегімен өңдеу кезінде; жануарлар өліктерін патологоанатомиялық сою және жою кезінде ветеринарлық мамандарға көмек көрсету
2	Залалсыздандырушы ерітінділерді дайындау. Залалсыздандыру, дәрілеу және дератизацияны жүргізу. Санитарлық режимді сақтау

4-кесте. Ветеринариялық санитар орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
	Жануарлар, құстар	Емдік дәрі-дәрмектер, вакциналар, медикаменттер,	



1	және балықтар	шприц, инъекция инелері, түтік шынылар	1-1) Жанауарларды аппараттар мен механизмдер көмегімен жаппай егу
	Жануарлар, құстар және балықтар	Зертханалық зерттеу нәтижелері, ауру жануарларды есепке алу журналы	1-2) Зертханаға жіберу үшін патологиялық материалды дайындау. Жануарлар өліктерін мал қорымында немесе өлікті өртейтін пеште жою
2	Жануарлар, құстар және балықтар	Залалсыздандырғыш құралдар	2-1) Залалсыздандырушы ерітінділерді дайындау. Кәсіпорынның санитарлық режимін сақтау
	Жануарлар, құстар және балықтар	Залалсыздандырушы қондырғылар, бүркеуіштер, жануарларға арналған орынжайлар	2-2) Залалсыздандыру қондырғыларды және бүркеуіштерді күйге келтіру. Залалсыздандыру, дәрілеу және дератизацияны жүргізу

**5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі ветеринарлық санитардың құзыретіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Командада жұмыс жасауға оң бейімділік. Ережелер мен нормаларды, қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтауға, өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілік	Қан алу, вакциналауды және туберкулезге қарсы екпелерді жасай білу	Жануарларды аппараттар мен механизмдер көмегімен жаппай егу саласындағы білім
2-1)	Ойлау дербестігі. Тапсырманы орындау қажеттілігін түсіну және жауапты болу	Патологиялық материалды дайындау, қағидалар мен нұсқаулықтарды сақтай отырып өңделген материалды жоя білу	Зертханаға жіберу үшін патологиялық материалды дайындау. Жануарлар өліктерін мал қорымында немесе өлікті өртейтін пеште жою
3-1)	Командада жұмыс жасауға оң бейімділік. Жеке жауапкершілік	Ветеринариялық-санитарлық гигиенаның қағидалары мен нұсқаулықтарына сәйкес жұмысты жүргізе білу	Залалсыздандыру ерітінділерін дайындау бойынша білім. Кәсіпорынның санитарлық тәртібін сақтау
4-1)	Мал дәрігерінің тікелей басшылығымен әрекеттер жасау	Залалсыздандыру, дәрілеу және дератизацияны өткізудегі дағдылар мен біліктер	Залалсыздандыру қондырғылар және бүркеуіштер құрылымы. Залалсыздандыру қондырғылар және бүркеуіштерді күйге келтіру

Ветеринариялық санитария бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

**1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7460 Ветеринариялық препаратшы

Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, Мал шаруашылығындағы қызметкерлердің жұмыстары мен кәсіптері
БТБА бойынша кәсібі	Ветеринариялық препаратшы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3

## 2-кесте. Ветеринариялық препаратшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Ветеринариялық зертханалар, гистологиялық зертхана, ғылыми-зерттеу институттары, оқу мекемелері және ветеринариялық бағыттағы мекемелер, көрнекілік құралдар өндірісі	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Гистологиялық препараттарға арналған бояулар, патологиялық материалдар фиксациясына арналған иісі шығатын химиялық заттармен жұмыс істеу. Ауру жануарлардан патологиялық материал сынамаларын іріктеп алу	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқу)	Талап етілмейді

## 3-кесте. Ветеринариялық препаратшы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Құралдар мен маталарды жұмысқа дайындау. Қажетті ерітінділерді дайындау. Жануарлардың мүшелері мен ұлпаларынан кесінділер дайындау
2	Қоректік орталар, қан жағындыларын және зертханалық препараттарды дайындау. Жағындыларды, гистологиялық кесінділерді бояу және зерттеу
3	Консерванттар мен химиялық реактивтер ерітінділерін гистологиялық және зертханалық практикада қолдану
4	Технологиялық үдерістер мен тәртіптерді түзетуіне байланысты техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізу және оларды кәсіпорын бөлімшелерімен келісу

## 4-кесте. Ветеринариялық препаратшы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

--	--	--	--

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Сау немесе ауру жануарлардың ұлпалары, мүшелері	Союға арналған құралдар, арнайы киім, қорғаныштық көзілдірік, қолғаптар, халат, микротом	1-1) Құралдар көмегімен жануарлардың мүшелері мен ұлпаларынан кесінділер мен жағындылар дайындау және оларды арнайы ерітінділерге салу
2	Сау немесе ауру жануарлардың ұлпалары, мүшелері, зертханалық бояулар жиынтығы	Халат, қалпақ, қолғаптар, қоректік орталар, жағындылар мен зертханалық препараттарды дайындауға арналған ингредиенттер	2-1) Қоректік орталар, бояуларды дайындау, зертханалық препараттарды әзірлеу
	Сау немесе ауру жануарлардың ұлпалары, мүшелері, зертханалық бояулар жиынтығы	Халат, қалпақ, қолғаптар, қоректік орталар, жағындылар мен зертханалық препараттарды дайындауға арналған ингредиенттер	2-2) Консерванттар мен химиялық реактивтер ерітінділерін гистологиялық және зертханалық практикада жағындыларды, жағынды-іздерді бояу үшін, препараттар дайындау үшін қолдану
3	Құралдар, жағынды-іздердің өңделген материалы, мүшелер мен ұлпалар	Автоклавтар, өлікті өртейтін пештер, арнайы киім және аяқ киім, қолданылған материалға арналған ыдыс, залалсыздандырушы ерітінділер	3-1) Өңделген материалды жою; құрал-жабдықтарға күтім жасау. Құралдарды залалсыздандырушы ерітінділермен өңдеу

### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі ветеринарлық препаратшының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жауапкершілік, жұмыс орнын нақты ұйымдастыру қабілеті, еңбек тәртібі	Стандартты және біртектес практикалық міндеттерді шешу	Құралдар көмегімен жануарлардың мүшелері мен ұлпаларынан кесінділер мен жағындылар дайындау және оларды арнайы ерітінділерге салу саласындағы білім
2-1)	Жеке жауапкершілік, жоғары тұрған маманның тікелей басшылығымен қызмет ету	Белгіленген нұсқаулық бойынша әрекет ету әдісін таңдау. Жұмысты орындау барысында ережелер мен әдістемелер білімдерін қолдану	Қоректік орталар, бояуларды дайындау, зертханалық препараттарды әзірлеу бойынша білім
2-2)	Функционалдық міндеттер	Нұсқаулықтар, әдістемелер бойынша жұмыс жасау	Консерванттар мен химиялық реактивтер ерітінділерін гистологиялық және зертханалық практикада жағындыларды,

	шеңберіндегі жауапкершілік		жағынды-іздерді бояу үшін, препараттар дайындау үшін қолдану бойынша білім
3-1)	Өз денсаулығы, қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік	Мал шаруашылық заңнамасына сәйкес патологиялық материалды жою әдістерін таңдай білу	Өңделген материалды жою; құрал-жабдықтарға күтім жасау бойынша білім. Қоршаған ортаны қорғау туралы заң

Ветеринариялық санитария бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 4-қосымшасы

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	2212 Мал дәрігері – бактериолог 1221 Бас бактериолог 1221 Бас мал дәрігері
Ауыл шаруашылығы саласының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 17 /308 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013жылы 8 тамызда № 8614 тіркелді)	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
5	I, II, III, дәрежесіз
6	I, II, III, дәрежесіз
7	-

### 2-кесте. Мал дәрігері – бактериологтың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Нарықтарды ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханалары, шұжық және консерві кәсіпорындары, етті қайта өңдейтін кәсіпорындар, мемлекеттік кеден қызметі мекемелері, биологиялық комбинаттар және биологиялық белсенді заттарды дайындау және бақылау жөніндегі басқа да кәсіпорындар, көлік, ғылыми-зерттеу институттары, оқу мекемелері және ветеринарлық бағыттағы мекемелер, әскери-ветеринарлық қызмет	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу барысында және/немесе аса қауіпті аурулармен ауыратын жануарларды тексеріп қарау барысында індет жұқтыру ықтималдығы	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
5	Техникалық және кәсіби (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, жоғары білім	Бұрынғы қызметінде кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, немесе жоғары білім бар жағдайда-жұмыс тәжірибесі талап етілмейді
6	Жоғары білім, практикалық тәжірибе	Кемінде 3 жыл тәжірибесі

7	Жоғары білім, практикалық тәжірибе, және/немесе ЖОО-дан кейінгі білім, практикалық тәжірибе	Кемінде 5 жыл тәжірибесі
---	---	--------------------------

### 3-кесте. Мал дәрігері – бактериолог орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Бактериологиялық зерттеулер жүргізу. Бактериологиялық зерттеудің аналитикалық және диагностикалық сенімді тәсілдерін пайдалануды қамтамасыз ету. Боксты залалсыздандыру, жұмыс орнын өңдеу, құралдарды зарарсыздандыру, реактив ерітінділерін, коректік орталарды дайындау. Жүргізілетін талдау нәтижелерін рәсімдеу және есептеу, биологиялық материал қалдықтарын жою
2	Зертханалық ветеринарлық -санитарлық сараптама жүргізу. Өлген жануарлардың өліктерін қарау және сою. Жануарлар ауруларының қоздырғыштарын анықтау және типтеу. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының жасырын формаларын анықтау. Зерттеуге келіп түскен материалды қабылдау, оның зерттеу аяқталғанға дейін сақталуын қамтамасыз ету
3	Бактериологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіруге қатысу. Зертханалық бактериологиялық зерттеулер сапасына зертханашілік және сыртқы бақылау жүргізу бойынша шараларды жүзеге асыру. Бактериологиялық зерттеулердің жаңа тәсілдері мен зертханалық құрал-жабдықтарды игеру мен енгізуге қатысу
4	Өнімнің халықаралық және отандық стандарт талаптарына сәйкестілігін анықтау үшін сынақ, карантинді талдау және карантинді сараптама жүргізу. Зерттеу және санитарлық өңдеу жүргізуге кеткен материал шығындары бойынша құжаттама рәсімдеу, сондай-ақ, зерттеу нәтижелері, солар бойынша сараптама актілерін беру
5	Өз құзыреті шегінде мекеме қызметкерлеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Бактериология саласында тәжірибелік зерттеулер жүргізу. Жаңа жұмыс тәсілдерін әзірлеуге қатысу. Жүргізілген зертханалық-диагностикалық зерттеулерді талдау және есепке алуды жүзеге асыру. Коллекциялық материалды есепке алу, оның сақталуын қамтамасыз ету. Белгіленген есептілік жүргізу. Бактериология сұрақтары бойынша басқа мамандық дәрігерлеріне кеңес беру қызметтерін көрсету

### 4-кесте. Мал дәрігері – бактериолог орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Жануарлардан алынған патологиялық материал, сумен шаю, жағындылар - іздер	Зертханалық құрал-жабдық, ыдыс, микроскоп	1-1) Бактериологиялық зерттеудің аналитикалық және диагностикалық сенімді тәсілдерін жүргізу
	Жануарлардан алынған патологиялық	Сараптама нәтижелері бойынша	1-2) Өлген жануарлардың өліктерін қарау және сою. Жануарлар ауруларының қоздырғыштарын

	материал, сумен шаю, жағындылар	актілер, есепті құжаттама	анықтау және типтеу. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының жасырын формаларын анықтау
2	Жануарлардан алынған патологиялық материал	Халаттар, резеңке қолғаптар, маскалар	2-1) Зертханалық бактериологиялық зерттеулер сапасына зертханашілік және сыртқы бақылау жүргізу бойынша шараларды жүзеге асыру
	Жануарлардан алынған патологиялық материал, сумен шаю, жағындылар	Сараптама нәтижелері бойынша актілер, есепті құжаттама	2-2) Зерттеу және санитарлық өңдеу жүргізуге кеткен материал шығындары бойынша құжаттама рәсімдеу
3	Жануарлардан алынған патологиялық материал, сумен шаю, жағындылар	Сараптама нәтижелері бойынша актілер, есептік құжаттама	3-1) Өз жұмысына және оған бағынышты мамандардың жұмыстарына талдау жүргізу. Өзінің жасалған жұмыстары туралы есеп дайындау, зертхананың бактериологиялық бөлімінің жылдық есебін жасауға қатысу
4	Жануарлардан алынған патологиялық материал, сумен шаю, жағындылар	Сараптама нәтижелері бойынша актілер, есептік құжаттама, жана әдістер	4-1) Бактериология саласында тәжірибелік зерттеулер жүргізу. Жана жұмыс тәсілдерін әзірлеуге қатысу. Жүргізілген зертханалық-диагностикалық зерттеулерді талдау және есепке алуды жүзеге асыру
5	Жануарлардан алынған патологиялық материал	Халаттар, резеңке қолғаптар, маскалар	5-1) Өз құзыреті шегінде мекеме қызметкерлеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету

